



Ж.Ж. Боранбек*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,**Павлодар, Қазақстан Республикасы* <https://orcid.org/0000-0002-2703-3676>*email: boranbek9807@mail.ru***С.Н. Сүтжанов***Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,**Павлодар, Қазақстан Республикасы* <https://orcid.org/0000-0001-8319-6907>*email: s_sutzhanov@mail.ru***АКАДЕМИК С. ҚИРАБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ
СИПАТТАМАСЫ**

Аңдатпа. Мақалада академик С. Қирабаевтың ғылыми-сыни еңбектері қазіргі заман тұрғысынан талданып, ғалымның қазақ әдебиеттануына қосқан зор үлесі мұқият зерделенген. Жалпы, С. Қирабаевтың еңбектері кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің даму бағыттарын, жекелеген ақындар мен жазушылар туралы, олардың өмірі, шығармашылығы туралы, сондай-ақ сөз өнері жанрларының ерекше ерекшеліктері, олардың идеялық-көркемдік мазмұны және т.б. туралы түсінік береді. Осы орайда еңбекте С. Қирабаевтың әдебиетіміздің «ақ беттеріне» қатысты еңбектері арнайы қарастырылып, тәуелсіздік үшін күрес жылдарындағы Алаш қайраткерлерін ақтау жолындағы сыни еңбектері де жан-жақты зерттелген. Ғалымның ой-өрісінің кеңдігі де әдеби талдаудың жоғары мәдениетімен, білімінің тереңдігімен айқындалады. Мақалада көрнекті ғалым-сыншы шығармашылығының қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының қайталанбас құбылысы екендігін нақты мысалдар арқылы дәлелдеуге талпыныс жасалған.

Түйінді сөздер: қазақ әдебиеті, сыни мақалалар, әдебиеттану, С. Қирабаев, жанр.

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдемейді.

Мақаланың тарихы:

Алынған күні: 25.04.2023

Жариялануға қабылданған күні: 08.06.2023

Кіріспе

Мақалада ғалым-сыншы С. Қирабаевтың еңбек, өмір жолдарын сараптай келіп, әдеби-ғылыми шығармашылық жұмыстарға ерте араласқаны баяндалады. Нақтылай айтқанда, баспасөз бен баспа орындарында ізденіс іздерін, қалам қуатын бар қырынан жарқырата көрсеткені де терең танылады. Бұдан кейінгі кезеңдерде «Ғабиден Мұстафин», «Спандияр Көбеев», «Сәкен Сейфуллин», «Жүсіпбек Аймауытов» сынды маңызды монографиялары арқылы қалың көпшілікке танымал болғаны сөз етіледі.

Сондай-ақ, орта мектептер мен жоғары оқу орындары үшін оқулықтар жазып, бірнеше сын-зерттеу кітаптарының авторы ретінде еліміздің әдеби-рухани әлеміне зор шығармашылық үлес қосқаны байыпталады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың материалы ретінде С. Қирабаевтың жоғарыда аталған монографиялары мен «Әдебиетіміздің ақтаңдық беттері», «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті», «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет», «Тәуелсіздік рухымен» атты кітаптары алынды. Зерттеу мәселесі бойынша ғалымның ғылыми еңбектерін сұрыптап, талдау, тарихи-салыстырмалы, мәтіндік талдау, жүйелеу әдіс-тәсілдері қолданылды. Бұл әдістер жалпы және ерекше белгілерді анықтау үшін әртүрлі шығармаларды немесе бір шығарманың әртүрлі бөліктерін салыстыруды қамтиды. Академик Қирабаев шығармаларының бүгінгі қазақ әдебиеттануындағы маңызын анықтау мақсатында осы арнайы әдістерді қолдандық. Осыған орай зерттеу нысанына қатысты тарихи материалдар мен деректер топтамасы жүргізілді. Сондай-ақ тарихи құжаттарға, әдебиеттерге, мұрағат материалдарына және басқа да дереккөздерге талдау жасалды.

Нәтижелер және талқылау

Ғасырға жуық ғұмырының үш ширекке жуық жылдарын әдебиеттану ісіне арнап, көркем сөз өнеріміздің тағдыры туралы қалам тартқан көрнекті әдебиеттанушы ғалым, белгілі сыншы, академик Серік Смайылұлы Қирабаев қазіргі Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданындағы Атасу селосында 1927 жылы 23 наурызда дүниеге келген.

1933-1943 жылдары орта мектепте оқиды. Соғыс жылдары ауыл мектептерінде мұғалімдер жетіспеуі себепті жоғарғы сыныпта оқып жүргенде, Ынталы жетіжылдық мектебінде ұстаздық қызмет атқарады. Ал мектеп бітіргеннен кейін Карл Маркс атындағы колхоздың бастауыш мектебінің әрі меңгерушісі, әрі мұғалімі болады. Әкесінің ықпалымен ішкі істер жүйесінің қызметіне ауысып, Жаңаарқа аудандық бөлімінде еңбекпен түзеу инспекциясының бастығы қызметінде істейді. Алайда оқуды армандаған ойлы жас өз жүйесінің оқуына жібергісі келген ішкі істер саласының ыңғайына көнбей, қайта-қайта өтініп жүріп, ақыры 1947 жылы жұмысынан босайды. Сол жылы Алматыдағы ҚазПИ-ге оқуға түскеннен бері қарай болашақ ғалымның жаңа өмірі басталады.

Ұстаздық қызмет атқарған, әрі ішкі істер жүйесінің темірдей тәртібін көріп, үлкен өмір мектебінің алғашқы қатал сабақтарын алған талапты жас студент мектепте жүріп жазған азын-аулақ өлеңдерін місе тұтпай, оқуға, ізденуге беріледі. С. Қирабаевтың жасынан-ақ өзін өзі ұстай білуіне, еңбекке өзін жеге білуіне өскен ортасы, көрген тәрбиесі, табиғи болмысы әсер еткені айқын. Араласқан ортасын, заман аңғары мен айналасын салыстыра, іштей салмақтауға бейімділік өмірлік тәжірибесін молайтумен қабат біртіндеп сыншылдық қабілетті де ұштай бергенге ұқсайды.

«Институтта оқып жүргенде, әдебиет әлеміне сабырмен қарап, салмақтай келе, өзі де атсалысуды ұйғарады. Екінші курста оқып жүріп-ақ, ақын Ж. Сыздықовтың «Қос қыран» атты өлең кітабы туралы тұңғыш мақаласын жариялайды» (Қирабаев, 2007, 109 б.). Оқу бітіргенше онға тарта сын мақаласын

мерзімді баспасөз беттерінде жариялайды. Бұл мақалаларда сол жылдары жарық көрген «Емле сөздігі туралы», Қ. Аманжолов, С. Мәуленов, С. Дайырбеков, Б. Сокпақбаев, Н. Ахметбеков шығармалары туралы пікір білдіреді. Ал, 1949 жылы Қазақстан Жазушылар одағында «Қазақ балалар әдебиетінің жайы мен міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасайды. Жоғарғы оқу орнының алғашқы курстарында оқитын студенттердің Қазақстан Жазушылар одағы сияқты ол кезде беделі биік шығармашылық ортада суырылып шығып, балалар әдебиетінің өзекті мәселелері туралы қобалжымай баяндама жасауы – әдебиеттануымыздың тарихында сирек кездесетін оқиға (Қирабаев, 2007, 115 б.).

1957 жылы «Спандияр Көбеевтің әдеби қызметі» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап, әдебиет тарихына тың деректер, жаңа пайымдаулар қосты. С. Көбеевтің «Қалың мал» романы сол кездегі ахуал мен деректерге байланысты тұңғыш қазақ романы аталды. Ұстаз жазушының шығармашылығына алғаш рет жүйелі әрі тұтас шолу жасалды. «Үлгілі бала» мен «Үлгілі тәржіма» атты кітаптарының қазақ әдебиетіндегі алатын орны бірінші рет ғылыми сарапқа салынды. Келесі жылы диссертация негізінде жазылған «Спандияр Көбеев» атты монографиясы жеке кітап болып шықты.

Отызыншы жылдар ойранында опат болған Сәкен Сейфуллин есімі мен шығармалары жиырма жылдай уақыт бойы рухани айналымнан тысқары қалды деуге де болады. Сәкенді көрген, естіген елдің есінде сақталғанымен, жаңа ұрпақ жете білмейтін. Жеке басқа табынушылық зардабынан арылуға бет бұрған елуінші жылдардың екінші жартысында С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин ақталғанда, олардың шығармашылығы мен өмірін жедел зерттеу міндеті қойылды. С. Сейфуллиннің өлеңдері мен поэмаларын жасынан естіп, жаттап өскен жас С. Қирабаевтың ақын шығармаларын зерттеуге бірден құлшына кірісуі, көп жылдар бойы тасаға ысырылып, тұмшалап тастаған шындықты құлшына, қопара ақтаруы, әлеуметтік әділеттілікті орнықтыруға, қалпына келтіруге ден қоюы, әрине, заңды.

Рухани-мәдени тарихымыздың зорлықпен, қасақана тұмшалап тасталған шындығын тәуелсіздіктің арқасында ғана тауып, ақиқатты алаңсыз аршитын күн туғанда, ғалым-академик енді әдебиетіміздің «ақтандақтарын» анықтауға білек сыбана кірісті. «М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сол жылдардағы директоры ретінде қыруар қатынас қағаздар жазып, жаңа бастама, тың зерттеулердің бел ортасында жүрді. «Әдебиетіміздің ақтандық беттері», «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті», «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет», «Тәуелсіздік рухымен» атты кітаптары – осы тақырыптағы ойлардың, жоғымызды түгендеудің жемісі» (Тұрысбек, 2002, 335 б.). Бұл еңбектерде кеңес дәуіріндегі күрделі, қайшылықты құбылыстар объективті көзқарас тұрғысынан қайта сарапталады. А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов шығармаларының көркемдік сипаттары, оларға әсер еткен алуан факторлар өзара сабақтастықта, тығыз бірлікте қарастырылады.

Қазақ әдебиетінің арғы дәуірлерін терең білумен бірге кеңес дәуіріндегі әдебиеттің үлкен маманы ретінде ортаға салған ойлары мен талдаулары белгілі бір кезеңдегі әдеби процеске, шығармаларға зерделі зер салумен қатар келешек зерттеулерге бағыт-бағдар сілтейді. Ақталған арыстармен қоса тиісінше зерттелмеген, немесе лайықты бағасын ала алмаған айтулы дарындар шығармашылығына қайта оралып, бір кезде амалсыздан идеологияны басшылыққа алған талаптар

тұрғысынан емес, бүгінгі жан-жағына жалтағы жоқ әділдік – көркемдік биігінен көз тастайды.

«Жанақ, Шортанбай, Ақан сері заманы мен шығармашылығы, зар заман әдебиеті концепциясының қоғамдық-әлеуметтік негіздері туралы толғанғанда, ең алдымен нақты мәтінге сүйене отырып, авторлардың көзқарасын, таным деңгейін, адамгершілік-эстетикалық мұраттарының қайдан бастау алып, қайда бағыт алғанын айқындайды» (Майтанов, 2002, 23 б.). Мәселен, отаршылдық езгі асқындап, таптық жіктелу күшейген сайын елдің тұрмысында, психологиясында, күрделі құбылыстар пайда болатыны тарихтан мәлім. Мұндай тарихи өзгерістер әлеуметтік құбылыстардың келеңсіздігімен сан тараптан сабақтасқанда, сол ортада сансыраған адамның салқынқанды сараптауы да, құлшынып қарсы ала қоюы да аса қиын. Әсіресе ғасырлар бойы қалыптасқан ұғымдарға, тіршілік салтына үйлеспей, «тыныштықты» бұзғанда, көңілде алаң тудыратыны сөзсіз. Осы қолайсыздық неғұрлым ұзаққа созылса, соғұрлым үмітсіздікке, торығуға бастамақшы.

Осындай екіұдай, екіталай заманды Шортанбай «зар заман» деп атады, «торыққан Шортанбайдың тірелер жері дін болып, ол бұл дүниенің опасыздығын айтып, жақсылықты о дүниеден іздеуге барады», «ол қазақ қоғамы тарихындағы осы бір күрделі дәуірдің суретін, ондағы өзгерістер сипатын дәл бейнелеп, көз алдына жайып салады, ескі салтпен қайшылыққа келіп, өмірге өктем кіре бастаған тіршілік сипаттарын жіті көзбен көреді. Бірақ заман ағысының бағытын өз ұғымымен сыйыстыра алмай қиналады. Оның зары да осыдан туады» (Қирабаев, 1995, 82 б.) – деп, бүкіл дәуір әдебиетінің көркемдік әлеміне зор ықпал жасаған тарихи өзгеріс-күштер ерекшелігін дұрыс ескертеді.

Шортанбай, Мұрат, Дулат шығармаларындағы философиялық қиналыс, психологиялық азап, қоғамдық-әлеуметтік құбылыстарды гуманистік мұраттар тұрғысынан тану мен таразылау талаптарының тамыры сопылық поэзиядан да бастау алатыны анық. Сондықтан оларды сары уайымшылдық деп белгілеу – бүгін де біржақты. С. Қирабаевтың «зар заман» деген терминге аталған кезең әдебиетінің эстетикасы сия қоймайтынын айтуы ғалымның қыруар мәтіннің көркемдік сипаттарын дөп басып танитын, нақты өмірмен мұқият салыстырып, салмақтайтын байыптылығына дәлел.

Серік Қирабаевтың іргелі еңбектерінің барлығына ортақ сипаттардың бірі – келтірілген мысалдардан да аңғарылып отырғандай, шығарманы, шығармашылық иесін заманымен тығыз байланыста, бірлікте, заман контексінде қарауы. Ол жеке шығарманың, жанрдың немесе әдеби құбылыстың сипаттарын бақайшағына дейін шағып, ежіктеп, ұсақ-түйегіне дейін қалдырмай қамтып, талдап отырып алу-дан гөрі негізгі нышандарды дәл айқындай отырып, шындық өмірмен белсенді тіршілікпен тамырласқанын айнытпай аңғарып, жинақтап айтуға бейім. Мұндай талап қаламгерлігі мен қайраткерлігі жарасқан шығармашылық өкілдеріне тән.

Алаш қайраткерлерінің ақталуына институт директоры, зерттеуші ретінде С. Қирабаевтың қосқан үлесі зор. «Кеңес дәуірінің соңғы жылдарындағы жариялылықты пайдаланып, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердиев шығармаларын ел игілігіне айналдыру жолында қайраткерлік көрсете жүріп, қаламымен де қызу атсалысты. Тәуелсіздік жылдарында жарық көрген кітаптарының барлығы да – соның мысалы» (Қасқабасов, 2002, 10 б.).

Жан-жақты дарын Ж. Аймауытов шығармашылығын зерттеуге бірден ден қойған ғалым ол туралы қыруар жаңа деректерден мысал келтіре отырып, айтулы тұлғаның алуан қырларын танытты. «Ж. Аймауытов», «Ж. Аймауытов. Өмір мен шығармашылығы» атты монографиялары жарық көрді. Сан қырлы дарынның өмірі, алғашқы ізденістері, драмалық, прозалық шығармалары, басқа саладағы еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымының тарихында тұңғыш рет кең ауқымды зерттеу объектісіне айналды. Ж. Аймауытов шығармалары кейінгі басқа да кітаптарында үнемі айтылып, бірде жанрлар, бірде әдеби кезеңдер, немесе көркемдік құбылыстар контекстінде қарастырылып, жүсіпбектанудың берік іргесі қаланды.

Белгілі сыншы-ғалым Р. Бердібай айтқандай: «бұл екі еңбекті (С. Сейфуллин, Ж. Аймауытов туралы монографиялар) сын, зерттеудің классикалық үлгілері қатарына қосуға болады» (Бердібай, 2002, 291 б.).

Ж. Аймауытовтың «Қартқожасы» кеңес дәуіріндегі қазақ романының төлбасы екендігі, «Нұр күйі» поэмасында ақ өлең үлгісі көбірек қолданылуы, «ұран-өлеңнің» жаңа үлгісін туғызуы, «Жалпы қазақ драматургиясындағы ақ өлең үлгісі, шешендік, поэзияға тән пафос Жүсіпбектен басталуы», жазушының сол кездердегі қазақ балалары психологиясындағы жаңалықты тауып, Қартқожа арқылы көрсетуі, Ж. Аймауытовтың осы романы арқылы «қазақ әдебиетіндегі жаңа романның жасалу принциптерін орнықтыруға көмектесуі» «типтерді даралап, бейнелеуде» шеберлік танытуы, сияқты ерекшеліктері сол тұстағы қазақ әдебиетінің өз кезі және кейінгі дәуір үшін қандай маңызды қызмет атқарғанын анықтауға айрықша қажет (Қирабаев, 2002, 125 б.).

Жазушының сын еңбектерінің ішінде бөлекше биік тұрған «Мағжанның ақындығы туралы» атты мақаласы – С. Қирабаев дәл бағалағандай: «кеңес әдебиеті сынының қалыптасып, кәсіптік мамандығын жетілдіре түскен тұсында жаңа сын үлгісіне бағыт, бағдар берген мақала». Зерттеуші С. Қирабаев сыншы Ж. Аймауытовтың мақаласында М. Жұмабаев өлеңдерінің өрнегі мен өмірлік негіздерінің мүлтіксіз көрсеткенін дәлелдегенде, жазушының талғамы мен таным әлеміне бойлай түсеміз.

Академик С. Қирабаевтың спандияртану, сәкентану, ғабидентану, жүсіпбектанудың негізін салып, осы бағытта табанды ізденіп, жүйелі де жемісті зерттеулер жүргізіп, ұзақ жылдарға созылған еңбегін монографияларға айналдыруы – азаматтық-шығармашылық жауапкершілік салмағын сезінуінен (Ісімақова, 2002, 15 б.).

С. Қирабаевтың ғылым саласындағы еңбектерінде ең алдымен кеңес дәуіріндегі әдебиет, сонымен бірге әдебиет тарихының белгілі бір дәуіріндегі сипаттары, әдебиет дамуына зор үлес қосқан қаламгерлер шығармашылығы, әдебиет теориясының алуан мәселелері, шеберлік мәселелері, әдеби ағым, реализм, әдеби байланыстар, өмірлік және көркемдік шындық, тарихи-әдеби процестер, ондағы құбылыстардың таным мен талғамға әсері, тарихи өзгерістердің әдебиетке ықпалы, әдебиет сыны мен ғылымы, мәтінтану, әдебиеттанудың тарихнамасы байыптау объектісіне айналады. Қай мәселеге болсын, зерттеуші үлкен дайындықпен, жауапкершілікпен қарап, әдеби-тарихи контексте салмақтайды. Ал, халық тағдырына, әдебиет тарихына қатысты көкейкесті мәселелерге келгенде, ешқандай ымыраға көнбей, табандылық, азаматтық белсенділік танытқанына келтірілген мысалдар куә (Әбдиғазиұлы, 2002, 29 б.).

Ол зер салған мәселелердің қай-қайсысы да өз кезі үшін тың әрі күрделі (Сүтжанов, 2022). Тыңға түрен салғанда, жинаған қыруар деректері, соған сүйеніп қорытқан пікірлері – ғалымның тиянағы, қанаты. Күрделі мәселелерге байланысты туындайтын күрделі ұғымдарды көпке түсінікті, тартымды тілмен жатық жеткізе білуінде ғалымның зерделілігі мен журналистің ұшқырлығы ұштасып жатады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ғалымның өткен кезеңдер шығармасын сол уақыттың тұрғысынан да, бүгіннің биігінен де сыншылдық сараптауы – ғылыми зерттеулеріне тән сипат. Сыншылдық талғам туындының «таза» әдеби әлемін, эстетикалық тұғырын, ерекшеліктерін танытса, зерттеу еңбектеріне қоса сын мақалаларының да үнемі өзегінде жататын ғылыми пайым, ғылыми тұрғы зерттеушінің қос қанатына айналған. Сондықтан С. Қирабаевтың бұрынғы-соңғы мақалалары мен ғылыми еңбектері байсалдылығымен, ойларының, деректерінің жүйелілігімен, дарындарға қамқор да әділ баға беруімен, заман алға тартқан көкейкесті де күрделі мәселелерге азаматтық жауапкершілікпен қарап, шығармашылық белсенділік танытуымен мойындатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Әбдиғазизұлы Б. Ұстаз тұлғасы. // Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: Академик С.Қирабаевтың 75 жылдығына арналған жинақ. Алматы: Комплекс, 2002. 29 б.
- Бердібай Р. Дәуірмен үндес ғалым. // Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: Академик С.Қирабаевтың 75 жылдығына арналған жинақ. Алматы: Комплекс, 2002. 291 б.
- Қасқабасов С. Кіріспе сөз. // Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: Академик С. Қирабаевтың 75 жылдығына арналған жинақ. Алматы: Комплекс, 2002. 10 б.
- Қирабаев С. Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы: «Қазыңұрт» баспасы, 2007. Т.1. 456 б.
- Қирабаев С.С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. Алматы, 1995. 200 б.
- Қирабаев С.С. Тәуелсіздік рухымен. Алматы: Фолиант, 2002. 504 б.
- Қирабаев С. Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы / Құраст.: фил. ғыл. докторы Ә.Қ. Нарымбетов, фил.ғыл. кандидаты Г.Ж. Орда. Алматы, 2007. 207 б.
- Майтанов Б. Сыншының сегіз қыры // Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: Академик С. Қирабаевтың 75 жылдығына арналған жинақ. Алматы: Комплекс, 2002. 23 б.
- Сүтжанов С. Алаш және Ахмет // Тіл және әдебиет: теориясы мен тәжірибесі. №2, 2022. С.85–88. DOI: 10.52301/2957-5567-2022-2-85-88
- Тұрысбек Р.С. Алаштың арыстарын ардақтаған // Әдебиеттанудың өзекті мәселелері : Академик С. Қирабаевтың 75 жылдығына арналған жинақ. Алматы: Комплекс, 2002. 335 б.
- Ісімақова А. Академик Серік Қирабаев еңбектеріндегі қазақ әдебиеттану мәселелері // Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: Академик С. Қирабаевтың 75 жылдығына арналған жинақ. Алматы: Комплекс, 2002. 15 б.

References

- Abdigaziuly, B. (2002). Ustaz tulgasy [The personality of the teacher]. In *Adebiettanudyn ozekti maseleleri: Akademik S. Kirabaevtyñ 75 zhyldygyna arналған zhinak*. Almaty: Kompleks. (in Kaz.)
- Berdibay, R. (2002). Dauirmen undes galym. [A scientist in tune with the era]. In *Adebiettanudyn ozekti maseleleri: Akademik S. Kirabaevtyñ 75 zhyldygyna arналған zhinak*. Almaty: Kompleks. (in Kaz.)

Isimakova, A. (2002). Akademik Serik Kirabaev enbekterindegi kazak adebiettanu maseleleri. [Problems of Kazakh literary criticism in the works of academician Serik Kirabaev]. In *Adebiettanudyn ozekti maseleleri: Akademik S. Kirabaevtyñ 75 zhyldygyna arnalgan zhinak*. Almaty: Kompleks. (in Kaz.)

Maytanov, B. (2002). Synshynyn segiz kyry. [Eight facets of criticism]. In *Adebiettanudyn ozekti maseleleri: Akademik S. Kirabaevtyñ 75 zhyldygyna arnalgan zhinak*. Almaty: Kompleks. (in Kaz.)

Kaskabasov, S. (2002). Kirispe soz. [Opening remarks]. In *Adebiettanudyn ozekti maseleleri: Akademik S. Kirabaevtyñ 75 zhyldygyna arnalgan zhinak*. Almaty: Kompleks. (in Kaz.)

Kirabaev, S. (2007). *Kazakstan galymdarynyn biobibliografiasy*. [Bibliography of scientists of Kazakhstan]. Kurast.: fil. gyl. doktory A.K. Narymbetov, fil.gyl. kandidaty G.J. Orda. Almaty. (in Kaz.)

Kirabaev, S. (2007). *Koptomdyk shygarmalar zhinagy*. [Collection of multi - volume works]. Almaty: «Kazygurt» baspasy. Vol.1. (in Kaz.)

Kirabaev, S.S. (1995). *Adebietyñizdin aktandak betteri*. [The Aktandak (white) pages of our literature]. Almaty. (in Kaz.)

Kirabaev, S.S. (2002). *Tauelsizdik rukhymen*. [With the spirit of independence]. Almaty: Foliant. (in Kaz.)

Sytzhanov, S. (2022). Alash zhane Akhmet [Alash and Akhmet]. *Til zhane adebiet: teoriyasy men tazhiribesi 2*, 85–88. DOI: 10.52301/2957-5567-2022-2-85-88 (in Kaz.)

Turysbek, R.S. (2002). Alashtyn arystaryn ardaktagan. [He revered the Alash leaders]. In *Adebiettanudyn ozekti maseleleri: Akademik S. Kirabaevtyñ 75 zhyldygyna arnalgan zhinak*. Almaty: Kompleks. (in Kaz.)

Ж.Ж. Боранбек

*Павлодарский педагогический университет имени Алькея Маргулана,
Павлодар, Республика Казахстан*

С.Н. Сутжанов

*Павлодарский педагогический университет имени Алькея Маргулана,
Павлодар, Республика Казахстан*

ОПИСАНИЕ РАБОТ АКАДЕМИКА С. КИРАБАЕВА

Аннотация. В статье анализируются научно-критические труды академика С. Кирабаева с точки зрения современности, тщательно изучен большой вклад ученого в казахское литературоведение. В целом, труды С. Кирабаева наглядно показывают направления развития казахской литературы советского периода, дают представление об отдельных поэтах и писателях, об их жизни, творчестве, а также о специфических особенностях жанров словесного искусства, их идейно-художественном содержании и др. В этой связи в работе были специально рассмотрены труды С. Кирабаева, касающиеся «белых страниц» нашей литературы, а также подробно изучены его критические работы, посвященные реабилитации лидеров Алаша в период борьбы за независимость. Широта кругозора ученого определяется также высокой культурой литературоведческого анализа, глубиной познания. В статье сделана попытка доказать на конкретных примерах, что творчество выдающегося ученого-критика является уникальным явлением современного казахского литературоведения.

Ключевые слова: казахская литература, критические статьи, литературоведение, С. Кирабаев, жанр.

Zh.Zh. Boranbek

*Alkey Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar,
Republic of Kazakhstan*

S.N. Sutzhanov

*Alkey Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar,
Republic of Kazakhstan*

DESCRIPTION OF THE WORKS OF ACADEMICIAN S. KIRABAEV

Abstract. The article analyzes the scientific-critical works of academician S. Kirabaev from the perspective of modernity, carefully examining the significant contribution of the scientist to Kazakh literary studies. Overall, the works of S. Kirabaev vividly demonstrate the directions of development of Kazakh literature during the Soviet period, provide an insight into individual poets and writers, their lives, creativity, as well as the specific features of genres of verbal art, their ideological and artistic content, etc. In this context, the works of S. Kirabaev related to the “white pages” of our literature were specifically examined, as well as his critical works dedicated to the rehabilitation of Alash leaders during the struggle for independence were thoroughly studied. The breadth of the scientist’s outlook is also determined by a high culture of literary analysis and depth of knowledge. The article attempts to demonstrate with specific examples that the work of the eminent scientist-critic is a unique phenomenon in contemporary Kazakh literary studies.

Keywords: Kazakh literature, critical articles, literary studies, S. Kirabaev, genre.

Авторлық үлестер

Боранбек Ж.Ж. – формалды талдау, әдіснама, бағдарламалық қамтамасыз ету, жазу – шолу.

Сүтжанов С.Н. – концептуалдау, әдістеме, рөлдер/жазу – бастапқы нобай, жазу және редакциялау.